



Ұлыстың ұлы күні күтіпті болсын!



№21 (3060)
21/03/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІ ӨТУДЕ

Ұлыстың ұлы күні әз Наурыз мейрамын Қазақстан темір жолшылары ерекше көңіл-күймен атап өтуде. Астанада Ұлттық компанияның бас ғимаратының үлкен фойесінде Ұлттық нақышта безендірілген киіз үй тігіліп, арнайы фотоалаң жабдықталды.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары Наурызнама онкүндігінің әр күнінде ұлттық салт-дәстүрден тұратын іс-шаралар өткізді. 14 наурыз күні «Көрісу» күнінен бастап «Қайырымдылық», «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр», «Шаңырақ», «Ұлттық киім», «Жаңару», «Ұлттық спорт», «Ынтымақ», «Жыл басы» және «Тазару» күн-

дерінің бәрінде де теміржолшылар қауымы іс-шаралардан тыс қалмай, Ұлыс күнінің өз деңгейінде өтуіне атсалысуда.

ҚТЖ-ның барлық филиалдарында «Наурызнама» онкүндігі аясында этно-ауылдарды безендіру, ұлттық тағамдардан дәм татқызу және сала ардагерлерін құттықтау сияқты түрлі іс-шаралар өтуде. Теміржолшылар қайырымдылық акцияларын да ұйымдастырып, экологиялық бастамалар аясында «Ағаш отырғыз!», «Аумақты тазала!», «Жануарларға арналған

баспанаға көмек» акцияларын өткізуде.

«Ұлттық спорт – ұлт келбеті» спорттық іс-шаралар аясында компания қызметкерлері ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысуда. Ал бүгін – 21 наурыз күні елорданың «Нұрлы жол» вокзал-кешені аумағында тоғыз ақ шаңқан үй тізіліп, ҚТЖ және оның филиалдары көпшілікке наурызнама мерекелік бағдарламасын ұсынып, наурыз көке мен бауырсақ таратуда. Ұлыс оң болсын!..

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

Құрметті әріптестер!

Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Табиғаттың түлеп, жаңаруын, жаңа өмірдің басталуын білдіретін жарқын да шуақты мереке шығыс күнтізбесі бойынша жыл бастауы болып саналады. Ата-бабаларымыз өз жетістіктерін осы күнмен өлшеп, болашаққа жоспар құрған.

Ұлыстың ұлы күні біздің алып ұлттық компанияның әрбір қызметкеріне, әр теміржолшыға сан тарау сала ажырасын абыроймен атқарып, жүк және жолаушы тасымалын қамтамасыз етуге қосып отырған үлестері үшін шексіз алғысымды білдіргім келеді.

Сіздерге және отбасыларыңызға, туған-туыстарыңызға зор денсаулық, бақуатты өмір тілеймін! Барлық арман-тілектеріңіз орындалсын!

Нұрлан САУРАНАБЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы



Құрметті теміржолшылар мен сала ардагерлері!

Баршаңызды қазақ халқының ең ұлы мейрамы – әз Наурызбен құттықтаймын! Бұл ерекше мереке – жаңа өмір мен жаңарудың, табиғаттың қайта түлеп, гүлденуінің белгісі. Наурыз – халықтар арасындағы бейбітшілік пен татулықтың, бірлік пен ортақ мақсаттың мерекесі.

Біз үшін бұл күн тек мереке ғана емес, сонымен бірге болашаққа деген үлкен үміт пен сенімнің символы. Келешекке мақсат қойып, өзіміздің күшімізді, білімімізді және тәжірибемізді жаңа биіктерге жету үшін жұмысаймыз.

Бұл күндері біздің еңбегіміздің нәтижесі, төккен теріміздің жемісі алда тұрған үлкен мақсаттарға жеткізеді деп сенеміз. Барлық бастамаларымыз сәтті, жұмыстарымыз жемісті болсын!

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, толағай табыс тілеймін!

Әз Наурыз әрбір үйге құт-береке, бақыт, махаббат әкелсін!

Оразғали АХМЕТБАЕВ,
«ҚАЗКӨЛІКӘСП» ҚБ төрағасы



ОЗЕЛЕНИЛИ KHGORGSGATEWAY



Около 300 сотрудников филиалов дочерней организации АО «НҚ «ҚТЖ» (АО «KTZ Express») – KTZE Южный, TOO «KTZE Khorgos Gateway» и «KTZE Commerce» приняли участие в посадке 120 деревьев на территории сухого порта Khorgos Gateway.

Экологическая акция по посадке деревьев организована в рамках праздничной декады Наурызнама, инициированной Главой государства. Посадка деревьев стала частью программы по улучшению экологической обстановки и снижению уровня шума в логистическом хабе.

Железнодорожники говорят, что с нетерпением ждали праздничной весны – Наурыз. Сотрудники собрались целыми семьями, накрыли дастархан с разными яствами мировых кухонь, ведь здесь работает большой интернациональный коллектив. Была и насыщенная концертная программа с песнями, национальными играми и танцами.

– Мы сохраняем традиции наших предков. И сегодняшняя праздничная программа наполнена любовью к родной земле, к нашей культуре, – хором говорят сотрудники KTZ Express.

Асель ШАЙХЫНОВА

Актуально

ОБЪЕДИНЯЯ СТРАНЫ И НАРОДЫ

Красочным фестивалем народных культур отметили Ұлттық киім күні – День национальной одежды работников Главного вычислительного центра АО «НҚ «ҚТЖ» (ГВЦ).

Любовь РОВБА,
Астана

Гостями праздника, организованного коллективом и профсоюзным комитетом ГВЦ, стало председатель правления АО «НҚ «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев, руководитель аппарата компании Серик Кеулимжаев, председатель филиала «Астана» ОО «Казпрофтранс» Серик Сарсекеев, главный менеджер департамента социальной политики АО «НҚ «ҚТЖ» Акмарал Байгабулова, руководство и работники центра.

Праздник весны и обновления Наурыз широко отмечается во многих странах мира. И участникам мероприятия довелось в этот день познакомиться с традициями, костюмами, творчеством и национальной кухней представителей разных народов. Работники ГВЦ представили Кыргызстан, Турцию, Азербайджан, Грузию,

Туркменистан, Узбекистан, Таджикистан, Башкортостан и, конечно же, родной Казахстан.

Зажигательная лезгинка сменялась звуками домбры и дутара, задорными национальными танцами и играми. Разнообразие традиционных блюд поражаало воображение даже самого искушенного гурмана.

Отдельного внимания заслуживают костюмы – папахи и черкески, чапаны и тюбетейки, камзолы, шельвары, выполненные с особым изяществом и вкусом, отражали быт и культуру каждого народа.

Выступления сопровождали кратким рассказом об истории страны, древних традициях и выдающихся личностях.

Завершали фестиваль представители Казахстана. Хор детей, душевная музыка, национальные обряды, праздничное шашу и каждое движение танца отражали великое



чувство любви и благодарности родной земле.

– Наурыз – это главный праздник в году, отмечаемый уже более пяти тысяч лет. Он символизирует не только обновление природы, но и укрепление связей между людьми. Сегодня, в Ұлттық киім күні, мы наглядно продемонстрировали настоящую дружбу народов и ценность национально-культурных традиций, – подчеркнул председатель филиала «Астана» ОО «Казпрофтранс» Серик Сарсекеев, пожелав всем участникам здоровья и благополучия.

Необыкновенный творческий талант работников ГВЦ и теплую праздничную атмосферу отметила и главный менеджер

департамента социальной политики АО «НҚ «ҚТЖ» Акмарал Байгабулова.

– Пусть в нашей прекрасной стране всегда царят мир и спокойствие. Желаю вам и вашим семьям здоровья и счастья! – сказала она.

Выбрать лучших по итогам фестиваля для комиссии оказалась сложной задачей – все представления были яркими и зрелищными. Все коллективы получили памятные подарки. Грамоту за лучший костюм вручили работникам, представившим Узбекистан, в номинации «Самый креативный» победил Туркменистан, а награду за лучшее блюдо получили представители Башкортостана.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КЕЗЕКТІ САПАРҒА АТТАНАДЫ

Көктемнің жарқын мерекесі – Наурызға орай «Jibek Joly» пойызының үшінші саяхаты басталады. 20-25 наурыз күндері туристер әз Наурызды бірден екі елде – Қазақстан мен Өзбекстанда қарсы алады. Бұл жолы бағдар кеңейтіліп, Орталық Азияның ежелгі қалаларының бірі – Тараз тізімге қосылды.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Халықаралық тур Алматы, Түркістан, Ташкент, Самарканд және Тараз қалаларын қамтиды. Бес күн ішінде саяхатшылар көне шаһарлардың атмосферасына еніп, Ұлы Жібек жолының рухани мұрасымен, екі елдің бай мәдениетімен танысады. Этноауылдағы мерекелік іс-шаралар ұлттық дәстүрлер мен ерекше сән-салтанатқа

толы болмақ: концерттік бағдарлама; дәстүрлі әдет-ғұрып көрсетілімі; ұлттық тағамдардан дәм тату.

Туристер нағыз шығыс қонақжайлылығын сезініп, жидің қызмет түрлерін ала алады: кәсіби гидтің сүйемелдеуі; эксаури вагондарда орналасу; тамақтану; заманауилық бағдарламалар.

Естеріңізге сала кетейік, Jibek Joly туристік пойызы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы алғашқы сапарын былттырғы



қараша айында бастаған болатын. Бұл жобаға жергілікті туристер ғана емес, сондай-ақ Түркия, Қырғызстан, Украина, Ресей және басқа елдерден келген қонақтар да қызығушылық танытуда. Бүгінгі таңда пойыз Ұлы Жібек жолы бағыты бойынша екі сапар жасады. Наурыз мерекесіне арналған үшінші саяхатқа 350-ге жуық турист аттанбақ. Бұл теміржол турының саяхатшылар арасында жоғары сұранысқа ие екенін тағы да дәлелдейді.



Бейбарыс ЕЛЕУСІЗОВ,
Астана станциясының пойыз қабылдаушысы, «XXI ғасыр көшбасшысы» халықаралық байқауының жеңімпазы:

«ЖАС ТЕМІР» БАҒДАРЛАМАСЫ – 1,5 ЖЫЛДЫҚ ЖОБА. ЖОБА БІТКЕННЕН КЕЙІН ДЕ ЖҰМЫСЫМДЫ ОСЫНДА ЖАЛҒАСТЫРА БЕРМІН. МЕНІҢ МІНДЕТІМЕ – ВАГОНДАРДЫҢ САЙ ЕКЕНІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗІП, ҚАБЫЛДАУ, КЕЛЕСІ СТАНЦИЯЛАРҒА БҮТІН ДҰРЫС КҮЙДЕ ЖЕТКІЗУДІ ҚАДАҒАЛАУ КІРЕДІ. ЖҰМЫСЫМ ӨЗІМЕ ҰНАЙДЫ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В 2025 ГОДУ ВСЕМИ ВИДАМИ РЕМОНТА БУДЕТ МОДЕРНИЗИРОВАНО

1 480 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА.

5

ПРОТИВОРАЗМЫВНЫХ ПОЕЗДОВ СФОРМИРОВАЛИ В СЕМЕЙСКОМ ОТДЕЛЕНИИ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ.

БОЛЕЕ

600

ПРОВЕРОК ПРОВЕЛ РЕВИЗОРСКИЙ АППАРАТ НА УРАЛЬСКОМ УЧАСТКЕ В 2024 ГОДУ.

№21 (3060) 21/03/2025

АТАУЛЫ КҮНДЕР АЯСЫНДА

Биылғы наурыз айы бірнеше ұлық мерекемен тұспа-тұс келді: қасиетті рамазан айы, Көрісу күні, 22 наурыз мерекесі және алда ораза айт бар. «Кедентранссервис» АҚ Атырау аймақтық филиалы осынау атаулы күндерге орай ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеген ауқымды шара өткізді.



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Тек өз ұжымы ғана емес, айналасындағы жиырмаға тарта серіктес мекемелерді де шақырып, мерекені бірге атап өтуді ұйғарыпты. Олардың ішінде Атырау станциясы, Әскерилендірілген теміржол күзеті, Вагон депосы, ЖолДорТранс-Ақтөбе, Экатон Батыс, «Вагонсервис» АҚ, Атырау мұнай геология мекемелері белсенді болды. Бағдарламаға сәйкес қонақтарға наурыз дәмін ұсынып, наурызнама концерттік бағдарламасын тамашалап, зейнеткерлердің бір-бірімен әңгіме-дүкен құра отырып шүйіркелесіп әңгімесуіне жағдай жасалды.

«Кедентранссервис» АҚ Атырау аймақтық филиалы директоры Жолмырза Рсалиев барша жұртты Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, береке-бірлік тіледі. Мекеме басшысы бірқатар зейнеткерге сауықтыру шипажайына сертификат табыс етті.

Кезек әуелеген ән, мың бұралған би, күмбірлеген күйге беріліп, қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған тамаша концерт болды. Түскі ас кезінде он екі қанат ақ үйде жайылған ұлттық тағам түрлеріне толы дастархан басында ақсақалдарға бас тартылды, басқаларға да сыбағалы, көделі жіліктер таратылды. Ақсарма тілектер айтылып, бата берілді. Түстен кейін қонақтар мен шараға қатысушылар спорттың он түрінен өткен жарысты тамашалады. Атап айтқанда, қазақша күрес, қол күрес, арқан тарту, кір тасын көтеру, шахмат, бильярд, шағын футболдан жарыс, тас жинау, үздік ұлттық киім үлгісін көрсету, ең дәмді наурыз көже сайысы, «Қара жорға» биінен жарыс өтті. Жарыстың қай түрі де қызықты өтіп, талас-тартысқа толы болды. Нәтижесінде кір тасын көтеру, арқан тартыс, тас жинау, «Қара жорға» биі, ұлттық киім, ең дәмді наурыз көже сайыстарынан және шағын футболдан – барлығы 7 номинация бойынша бірінші орынды «Әскерилендірілген теміржол күзеті» мекемесі жеңіп алып, ең озық команда атанды. Қазақша күрестен бірінші орынды Атырау станциясы, қол күрестен ЖолДорТранс-Ақтөбе, ал шахмат пен бильярд ойындарынан «Кедентранссервис» АҚ Атырау филиалы командасы иеленді. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Таңнан басталған шара кешке дейін жалғасты, ал кеште ораза тұтқан жандарға дастархан жайылып, ауызашар берілді. «Бүгін көңіл шат, ниет ақ ерекше бір нағыз мерекелі, берекелі күн болды. Кешегі және бүгінгі буын наурызбен қабат келіп жатқан ұлық мерекелерді бірге атап өттік. «Сыйласаңыз көрінді, жарылқаймын бәріңді» деген осындайда айтылса керек, арнайы шақырып ақ батамызды алған жас буынға алғыс айтамын. Наурыз құтты болсын, бірлігіміз нығая берсін», – деді бұрынғы бас механик, қазіргі зейнеткер Мұхтар Оразалиев.

Суретті түсірген автор

АБАЙ МҰРАЖАЙЫНА ТАНЫМДЫҚ САЯХАТ

Шығыстағы теміржолшылар қауымы Наурыз тойын осы айдың 14-нен бастап кеткен жалатын. 23-не дейін болғасын Наурызнама онкүндігі аясындағы іс-шаралар мейлінше мәнді өтуде.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

«Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні» теміржолшылар Абай мұражайына танымдық экскурсия жасап, ұлт руханиятының қайнар бұлағынан сусындап қайтты. Се-мей ЖТ бөлімшесі бастығының орынбасары Жанар Амангелдіқызы бастаған қыз-жігіттер бұл күні Наурыз мерекесіне орай ұлттық киім киініп, хакім мұражайына ат басын бұрудағы тағы бір себеп – биыл қазақтың бас ақынының туғанына 180 жыл толмақ. Бұл



орайда теміржолшылар қауымы да мәдени-рухани іс-шараларды ұтымды түрде жүргізбек.

Төл мәдениетімізді, өнерді және ұлттық құндылықтарды насихаттауға, әсіресе жастар арасында кеңінен дәріптеуге арналған бұл күні Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне тағлымды саяхат ұйымдастырғандар арасында әсіресе жастардың қатары мол болды. – Наурыз мерекесіне орай ұй-

ымдастырылған саяхат өте әсерлі болды, бұрын білмеген көптеген тың мағлұматтар алдық. Мәселен, күн мен түн теңелген осынау ежелгі мейрам жайында қазақ тарихында алғаш қалам тербеген хакім Абай екенін, оның бұл шығармасы елімізге наурыздың қайта оралуына себеп болғанын білгенде таңданысымызда шек болмады, – дейді теміржолшы Жастар ұйымының төрайымы Арайлым Қосанова.

Теміржолшылар қауымы ұлы

ақынның өмірі, шығармашылығы, соңына қалдырған өшпес мұрасы жайында бұрын-соңды көп айтыла бермейтін тың мәліметтерге қанықты. Сонымен қатар ақын өлеңдерін кезектесе оқып, әлеуметтік желілерге арнайы түсірілім жасауды да ұмытпады.

– Еліміз бойынша Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа тұжырымдамасы бекітілгені белгілі. Оның аясында Семей теміржолында да мерекені тойлаудың өзіндік дәстүрі қалыптасып келеді. Ал биыл хакім Абайдың 180 жылдық мерейтойы осынау мерекелік күндердің мазмұнын байытта түсуде, – дейді бұл орайда пікір білдірген Семей ЖТ кәсіподақ ұйымының белсенділері.

Десек те, қазіргі таңда күллі бөлімше бойынша алдағы 22 Наурызда өтетін Жыл басы күніне қызу дарлық жұмыстары жүргізілуде. Шығыс жұртшылығына сауын айтқан бұл мереке Семей вокзалы алаңында ерекше леппен өткізілмек. Ал оның таңғалдырар, тамсандырар бағдарламасы әзірге құпия көрінеді.

Суретті түсірген автор

САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕП...

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы Наурызнама онкүндігіне атсалысып, 16 наурыз – Мәдениет және салт-дәстүрлер күніне орай ауқымды мерекелік іс-шара өткізді.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Орталықтың кәсіподақ ұйымы ұйымдастырған ұлттық шарада өнерпаз қызметкерлері қазақтың бірнеше салт-дәстүрінен көріністер қойып, ән мен күйден шашу шашты. Қазақта баланың өмірге келуі мен 7 жасқа дейінгі кезеңіне байланысты көптеген салт-дәстүрлер бар. Олар баланың аман-есен дүниеге келуі, өсуі, тәрбиесі және қоғамға сіңісуімен тығыз байланысты. Осыған орай аталған орталық қызметкерлері жүктілік пен босануға байланысты дәстүрлер – құрсақ шашу, құрсақ той, жарыс қазан дәстүрлерін көрсетті. Сонымен қатар баланың дүниеге келуі мен оған байланысты дәстүрлер – шілдехана, қалжа, иткөйлек салтын көрсетті. Одан әрі бала өмірінің алғашқы жылына қатысты дәстүрлер – бесікке салу, қырқынан шығару, тұсаукесер

рәсімдерін жасады. Сонымен қатар 3-7 жас аралығындағы дәстүрлер – тілашар, атқа мінізу салтынан көріністер қойды. Киіз үй тігіп, оны ұлттық нақышта жабдықтаған орталық ұжымы келген қонақтарға дастархан жайып, ұлттық тағамдардан дәм ауыз тигізді.

– ҚТЖ компаниясы Наурызнама онкүндігіне белсенді атсалысуда. Наурызнама – әртүрлі жастағы және әлеуметтік топтағы адамдарды біріктіретін, ұлттық дәстүрлерге деген бірлік, өзара түсіністік пен құрмет атмосферасын құратын бірегей мереке. 2024 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен бекітілген «Наурызнама» мерекесінің жаңа форматы Наурыз көпкүндігі және мәдени оқиғаларға толы болып, мерекенің әр күні белгілі бір тақырыпта өтеді. Біз соның ішінде салт-дәстүрімізді дәріптейтін бүгінгі күнді таңдап алдық, – дейді Көпфункционалды қыз-

мет көрсету орталығы Кәсіподақ ұйымының төрайымы Күләш Даниярова.

Бірінші қойылым «Құрсақ шашу» – ана болуға дайындалып жүрген келін образын көрсетті. Оған қатысқан ауылдың ақ жаулықты әжелері, келін мен ене, абысындар мен жеңелер және қыз-келіншектер ролін келістіріп көрсеткен орталықтың қызметкерлеріне риза болмаған жан жоқ. Сахна ұлттық нақышта безендіріліп, киіз үй тігілді. Ортада жайылған дастарқанда бауырсақ, құрт, қымыз, ет, тәттілер қойылды. Келесі жарыс қазан – келіннің босану кезінде жасалатын қазақтың көне дәстүрі. Қойылым барысында олар дәстүрдің терең мағынасын ашып көрсетуге тырысты. Сонымен қатар жаңа өмірді қуанышпен қарсы алу, сабыға ақ жол тілеу, шілдехана қойылымы ұлттық нақышта өрнектеліп, көрерменге қазақ халқының салт-дәстүрін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Одан әрі бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесу дәстүрлерін де қойылым арқылы жоғары деңгейде көрсеткен орталық ұжымы көпшілікке танымдық қана емес, тағлымдық та азық сыйлағандай болды.

Барлық қойылымда белсенді өнер көрсетіп, әншілік, актерлік қабілетімен көзге түскен, аталған орталықтың персоналды дамыту басқармасының әлеуметтік тұрақтылықты басқару жөніндегі тобының бас менеджері Асқар Турлиннің талantlyна келген көрермендер тәтті болды. Ауыл бәйбішесі ролін сомдаған Гүлбахрам Манабаева мен жүргізуші Әсем Жексетованың өнеріне де көпшілік риза болды. Сондай-ақ орталық қызметкерлері әлеуметтік желілерде «Дәстүрдің жаңғыруы – қазақтың ұлттық зергерлік өнерінің сұлулығы» және «Күйлер сазы – дәстүр үніндегі домбыра» атты флешмоб ұйымдастырды. Оның бірінде қазақ қыздарының ұлттық әшекей бұйымдары – шашбау, шолпы, шекелік, тұмар мен алқа, өңіржике, сырға, құсұмындық және құдағи жүзік, қос білезік туралы, ал екіншісінде ұжымның өнерпаз қызметкерлері күй тартып бейнероликтер дайындады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

АМАЛ КЕЛДІ, ЖЫЛ КЕЛДІ...

Маңғыстау жұк тасымалы бөлімшесі мен Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің ұжымы Наурыз мейрамын рамазан айының жұма күніне тұспа-тұс келген Көрісу күні – 14 наурыздан бастады.



Жылдағы дәстүр бойынша түгел ұлттық нақышта киінген қызметкерлер татулық пен ауызбіршіліктің үлгісін паш етіп, Көрісу күнін көңілді қарсы алды. Дәстүр бойынша кішілер жасы үлкендерге көрісе барып, бір-бірін жаңа жасымен құттықтады.

Жүк тасымалы бөлімшесі бастығы Нәжімеден Ғұбашов бастаған тағы бір топ теміржолшы Отпан таудағы дәстүрлі от жағу рәсіміне қатысты. Жыл сайын жалғасатын Отпандағы Амал тойында жиналған жұртпен төс қағыстырып, қол алысып, амандық-саулық сұрасты. Жыл жақсылығымен, ырыс-несібімен, жеміс-жеңісімен, береке-бірлігімен,

тоқшылық-аманшылығымен келсін десіп, бір-біріне келер жылға аман жетуді тіледі.

Еліміздің Түркіменстанмен шекарасындағы Болашақ станциясында тіпті ерекше көрісу рәсімі болды. Болашақ станциясының бастығы Мақсат Нұрбековке ауылдағы балабақша бүлдіршіндері көрісіп келді. Ұлттық киім киген титтей бүлдіршіндер «Жылыңыз құтты болсын...» деп жетектесіп кіріп келгенде станцияда қуанбаған адам қалмады. Теміржолшылар балаларға бар жақсы тілегін арнап, тәттілер таратты.

Шахиджа ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы электр энергиясын беру саласындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін стратегиялық тауар ретінде электр энергиясы құнының, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ставкалары және өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруіне байланысты, «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабы 1-тармағының 1, 3) және 9-2) тармақшаларына сәйкес 2025 жылға арналған электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге бекітілген тарифтің өзгергені туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2025 жылғы 17 наурыздағы №34-НҚ бұйрығының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2020 жылғы 24 қарашадағы №68-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізілді және 2021-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер бекітілді:

2025 жылға 01 сәуірден бастап – ҚҚС есебінен кВтсағ үшін 5,41 теңге;

Сондай ақ ақпарат www.railways.kz сайтында орналастырылған.

САЯТШЫЛЫҚТЫ СЕРІК ЕТКЕН ТЕМІРЖОЛШЫЛАР

Жамбылдық теміржолшылар – ағайынды Абатовтарды көпшілік ата кәсіпті жалғастырып, саятшылық өнерді дамытуға атсалысып жүрген ұлтжанды азаматтар деп таниды.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Ағалы-інілі Мақсат пен Бағдаттың теміржолда еңбек етіп келе жатқанына жиырма жылдан асыпты. Ағасы – Тараз станциясында маневрлік диспетчер болса, інісі – Жамбыл вагон пайдалану депосында аға вагон қараушы. Олардың қым-қуыт тіршіліктен уақыт тауып, жүйрік мініп, тазы жүгіртіп, аң қағып тұруды әдетке айналдырғанын естігенде біз де таңғалып, арнайы іздеп бардық.

Темір жолдағы еңбек жолын 2003 жылы Түлкібас жол дистанциясында жолшы болып бастаған Мақсат Абатов – негізгі кәсібімен қатар спортта талай белесті бағындырып, табысқа жетіп жүрген жанның бірі.

– Алғаш рет Қазақстан темір жолының 100 жылдығына орай Түлкібаста теміржолшылар арасында қазақ күресінен өткен жарысқа қатыстым. Дистанция бастығының орынбасары «Мақсат, барыңды сал, қалайда жеңіп шық. Жеңіске жетсең, 4-разрядқа ауыстырамын» деп жігерлендіретін. Соның алдында ғана екіншіден үшінші разрядқа ауысқанмын. Разряд алу оңай емес, талап қатал. Ал жарысқа 86 келі салмақта шығып тұрмын, финалға жетсем, 120 келі салмақтағы балуандармен кездесуім керек. Ақтық белдесуде тактикаға салып жүріп ұттым, түйе балуан атандым. Разрядым өсті. Кейін облыстық спартакиадаға жіберді. Онда волейбол ойнап көзге түстім. Ол жылдарда Жамбыл бөлімшесін Сағымбек Ақшалов басқаратын. Мені көріп, Тараз станциясының бастығына «мына жігітті осында ауыстырыңдар» деп тапсырма беріпті. Сөйтіп бар-жоғы екі күннің ішінде ауысып, Тараз станциясында вагон реттеуші



болып жұмысымды бастап кеттім. 2009 жылы ҚТЖ спартакиадасына қатысатын құрама командаға іліктім. Онда біраз спорт түрі қамтылған, жүгіру, арқан тарту, гир көтеру, мылтық ату болды. Соның бөріне қатыстыым, алтыншы орын алып қайтып. 2010 жылы құраманы өзім жинап, команданың дайындығын қолға алдым. Ешқандай «подставной» ойыншысыз барып, чемпион болып оралдық. Сол жылы пойыз құрастырушы болып ауыстым. 2011 жылы волейболдан 3-орын алып келдік, – деп сыр шертті Мақсат Абатов.

Ал аңшылық – хоббиім дейді. Екі інісімен бірге тазы баптап, саятшылықпен айналысады екен. Спортпен қатар негізгі кәсібі білімін де дамытып, бүгінде маневрлік диспетчер қызметін атқарып отырған кейіпкеріміз былтыр «Қазақстан темір жолына 120 жыл» медалімен марапатталды.

Ағайынды жігіттердің екіншісі Бағдат Тараз теміржол және коммуникация колледжінің түлегі. 2003 жылы оқуды бітірген соң, Жамбыл вагон пайдалану депосына слесарь болып жұмысқа орналасып, бүгінде аға вагон қараушы.

– Вагон шебері, техникалық қызмет көрсету пункті бастығының міндетін атқарушы болып та жұмыс істедім. Бірақ өзіме ауысыммен жұмыс жүйесі қолайлы болған соң вагон қараушысы етіп ауыстыруды сұрандым.

Тазы ұстауға бала кезден құмармыз. Ағам екеуміз демалыс күндері қаланың күйбең тірлігінен уақыт тауып, ауылға барып, аңшылық құрып тұрамыз. Туған

жеріміз – Жамбыл ауданындағы Өрнек ауылы. Ата-анамыз сонда, кенже ініміздің қолында. Біздің Жамбыл өңірінде саятшылық өнері, оның ішінде тазы жүгірту кенжелеп қалған. Көрші Алматы облысында жақсы дамыған. Біз осы ата кәсіпті жалғастырып, кең өріс алуына өз үлесімізді қоссақ деп талпынып жүрміз. Былтыр қазақ тазысы арнайы патент алды ғой. Соған ағайындылар болып біз де атсалыстық. Тараз қаласында өткен көрмеде біздің үш тазымыз да талапқа сай шығып, арнайы сертификат алды. Біреуіне жыл соңында Астанада өтетін көрмеге жолдама берілді. Осы уақытқа дейін түрлі-түрлі жарыстарға қатыстық. Түркістанға, Балқаш жаққа да барып, тазыларымызды жарысқа қостық. Ондай жарысты Жамбыл жерінде 2020 жылы өзіміз де ұйымдастырдық, – дейді Бағдат Абатов.

Абатовтардың саятшылық өнерді сақтап қалсақ деп алаңдайтындарындай бар екен. «Себебі қазір далада жортқан аң азайып барады, ал қаланың аумағы күннен-күнге өсіп жатыр. Ал бауырын жазып, саятшылық құру – тазының қанына сіңген әдет. Оларды көрме үшін ғана қаңтарып ұстауға болмайды. Онсыз жай иттерден айырмасы жоқ. Сол үшін тым құрыса жылына бір рет тазы жүгіртуден жарыс өткізу керек», – дейді.

Айтуларында, аталары Бейсенбек атақты саятшы болған екен. Ақбілек пен Ұшар деген тазы ұстапты. Демек, саятшылық та қанмен берілетін өнер болса керек.

Суретті түсірген автор



ВЖДО ОЖИВИЛ ВЕЛИКИЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ!

День культуры и национальных традиций в рамках праздничной декады Наурызнама с размахом отпраздновали в ТОО «ВЖДО». Работники компании организовали импровизированный мини-городок с различными площадками: ремесленники представили серебряные украшения, а молодежь играла в национальные игры.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

В этот день огромный холл здания превратился в оживленный рынок древнего городища. В традиционных нарядах гостей из разных уголков встречали торговцы, на месте демонстрировавшие казахскую национальную одежду, предметы быта, различные крупы и блюда.

Сегодня мы отправились в путешествие сквозь время. Оказавшись в самом сердце восточного базара, мы вдохнули густой аромат специй, услышали бойкие голоса купцов и почувствовали, как оживает атмосфера прошлого. Затем, словно по велению истории, караван тронулся в путь. Под надежной охраной он пересек бескрайнюю степь и достиг караван-сарая – места, где когда-то сходились дороги купцов, странников и воинов, – говорит координатор по внутренним и внешним коммуникациям ТОО «ВЖДО» Наина Эргешева.

Восточный базар древнего городища не обошелся без элементов национальной одежды. Каждый мог подобрать себе яркие камзолы, тюбетейки и лаконичные чапаны. В свою очередь молодых девушек заинтересовали ювелирные изделия из серебра.

– Многие украшения из серебра, которые здесь представлены, передаются из поколения в поколение. Ведь они никогда не теряют своей ценности, а даже,

наоборот, имеют высокий символизм. К примеру, данная шкатулка из кожи передается уже четвертое поколение. Представить такое разнообразие нам удалось благодаря нашим коллегам, которые сразу же приняли активное участие в организации празднования Дня национальных традиций в рамках декады Наурызнама, – делится менеджер департамента правового обеспечения Ботагоз Райханкызы.

В свою очередь любители спорта могли проявить себя в национальных играх – асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тарту и теңге ілу. В завершение праздничного мероприятия гостям продемонстрировали национальный обряд «беташар». Под переливы домбры и напутственные слова аксакалов невеста впервые предстала перед семьей жениха. К слову, на заседании Комитета ЮНЕСКО в Парагвае данный обряд был включен в репрезентативный список нематериального культурного наследия человечества.

Атмосфера дружбы и единства сделала этот день по-настоящему особенным, но самое главное – стала важным напоминанием о значении культурного наследия в жизни общества и важности сохранения традиций для будущих поколений.

Фото
Александра ЖАБЧУКА

В ЛУЧШИХ ТРАДИЦИЯХ

На станции Алтынколь прошел яркий и колоритный праздник – День национальной одежды, где сотрудники станции приняли активное участие в торжестве.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алтынколь

В рамках праздника состоялся показ национальной одежды, где работники представили богатое культурное наследие своих предков. Расшитые национальными узорами чапаны

каждого изделия. Характерно и то, что каждый костюм был уникален – в узорах отражались символы благополучия и единства. Работники станции с гордостью демонстрировали свои наряды, изысканные детали вышивки, воплощающие мастерство народных умельцев.

Начальник станции Алтынколь Данияр Нуркасымов, облачившись в чапан ручной работы, торжественно поприветствовал всех собравшихся и поздравил с наступлением весны.

– Сегодняшний день – это отра-



и камзолы радовали глаз, создавая атмосферу праздника и торжества традиций. Яркие цвета, изысканные орнаменты и тонкая ручная работа передавали дух наследия предков, подчеркивая индивидуальность

каждого изделия. Характерно и то, что каждый костюм был уникален – в узорах отражались символы благополучия и единства. Работники станции с гордостью демонстрировали свои наряды, изысканные детали вышивки, воплощающие мастерство народных умельцев.

жение нашей культуры, традиций и уважения к наследию предков, прикоснуться к истории, вспомнить корни и продемонстрировать уважение к национальным обычаям. Рад видеть, как мы все вместе сохраняем и передаем эти ценности новым поколениям! – отметил он.

Данияр Нуркасымов также подчеркнул, что подобные мероприятия способствуют укреплению дружбы и взаимопонимания среди сотрудников и жителей станции.

Не только наряды поражали своей изысканностью и красотой, но и ювелирные украшения придавали образам особое очарование. Изящные серьги, массивные браслеты, утонченные кольца и ожерелья, выполненные в лучших традициях народного ремесла, подчеркивали элегантность и грациозность женщин. Безусловно, мастера вложили в каждое изделие частичку истории и символику. Сверкающие серебром и камнями украшения делали работниц станции по-настоящему неотразимыми, добавляя торжественности этому особому дню.

Одним из самых запоминающихся моментов стало выступление работников станции, исполнивших народные песни, стихи, пожелания. Праздник подарил всем яркие эмоции, укрепил дух сплоченности и напомнил о важности сохранения национального наследия.

Фото автора

ДЕЛИТЬСЯ РАДОСТЬЮ

С наступающим праздником Наурыз пассажиров электрички Павлодар – Астана поздравили екибастузские железнодорожники.

Айдана ЖУМАЖАН,
Екибастуз

В мероприятии, которое приурочено к празднованию 120-летия профсоюза железнодорожников, приняли участие работники ПЧ-30, ТЭЧ-19, ВЧД-16, ШЧ-25, ДС-Екибастуз, ЭЧ-14, КВК, профсоюзы узла Екибастуз. Сотрудники стальной магистрали поздравили пассажиров, спели песни, сыграли

на музыкальных инструментах, словом, подарили праздничное настроение. Каждому из них они вручили сладкие презенты.

– Поздравляем всех с Наурыз мейрамы! Желаем счастья, здоровья, мира и благополучия! Пусть этот год будет богат на хорошие события! – сказал председатель профсоюзного комитета



Екибастузской дистанции пути Марат Садвокасов.

Фото автора

Объявление

Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» информирует об изменении утвержденного тарифа на регулируемые услуги по передаче электрической энергии на 2025 год в соответствии с подпунктами 1, 3) и 9-2) пункта 1 статьи 22 Закона РК «О естественных монополиях» в связи с изменениями стоимости электрической энергии как стратегического товара для субъектов естественных монополий в сфере передачи электрической энергии, ставок налогов и других обязательных платежей в бюджет в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан и среднемесячной номинальной заработной платы одного работника по видам экономической деятельности в регионе (городе), сложившейся по данным статистики за год.

На основании приказа Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 17 марта 2025 года №34-ОД внесены изменения в приказ Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 24 ноября 2020 года №68-ОД и утверждены тарифы на услуги по передаче электрической энергии на 2021-2025 годы с вводом в действие: на 2025 год с 1 апреля – 5,41 тенге за кВтч без учета НДС.

Также информация размещена на сайте www/railways.kz.

ДЕНЬ ВСТРЕЧ И ПРИВЕТСТВИЙ

Древний обычай казахского народа Көрісу күні, переданный предками современному поколению, является добрым предвестником весны и оживления природы, выражения уважительного отношения молодежи к старшему поколению и друг к другу. Особенно ярко и красиво он отмечается на западе Казахстана.

Анна МАРЫНА,
Уральск

Праздник «Көрісу» (буквальный перевод – «свидетелься») западноказахстанцы отмечают 14 марта. По старинной традиции в этот день люди навещают друг друга и желают благополучия и мира. Этот народный обычай сохранился в западных регионах Казахстана. В древние времена Наурыз начинали праздновать 14 марта и отмечали 8-10 дней. В этот день нужно готовить наурыз көже, дарить детям подарки, прощать друг другу все обиды. Из сундуков доставали и развешивали на веревке по обычаю жіп керу одежду, оружие и другие предметы, для которых также наступал новый период. Уральские железнодорожники верны традициям.

Работники уральских филиалов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» (ГП) и Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону (НЖС) в этот день надели на работу парадные национальные костюмы и украшения, накрыли праздничные дастарханы, а в Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-7), Уральском эксплуатационном вагонном депо (ВЧД-3) и Уральской дистанции пути (ПЧ-1) фойе своих предприятий оформили



в национальном стиле, имитируя внутреннее убранство юрты. В каждом предприятии старшие по возрасту встречали молодежь традиционными объятиями, давали благословение и угощали наурыз көже, баурсаками и сладостями.

Первым делом принято поздороваться со старшей – аксакалом, прося у него благословения – бата, потом уже с остальными. В главном здании, где размещаются административно-управленческие аппараты филиалов ГП и НЖС, в музее железнодорожников бата давали председателю Регионального совета ветеранов Акназар Карибаев и Почетный железнодорожник, Почетный гражданин Уральска Михаил Надточий.

Первыми к аксакалам пришли за благословением замдиректора Актобинского отделения магистральной сети

по Уральскому региону Орал Уксакбаев, замдиректора по ЗКО ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» Еркен Сахтанов и главный региональный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» на Уральском участке Руслан Давлетов. Помимо благословения и угощения Михаил Тихонович вручил им тюбетейки, символизируя передачу знаний своим ученикам.

Как отметил председатель профсоюзного комитета Уральского узла Едил Алыпсоков, для нашего мудрого народа Көрісу күні имеет особое значение и несет большой духовный смысл – этот праздник означает торжество единства и олицетворяет нашу сплоченность, согласие, любовь к Родине и преданность своим истокам.

Фото автора

НАЦИОНАЛЬНОЕ ЕДИНСТВО И ВЗАИМОПОНИМАНИЕ

В Карагандинском отделении грузовых перевозок железнодорожники отметили День национальной одежды. Мероприятие посвящено сохранению казахской культурной идентичности через национальные костюмы. Оно состоялось в рамках декады Наурызнама.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

К работникам отделения ГП присоединились сотрудники Карагандинского отделения магистральной сети. Совместно они продемонстрировали женские и мужские костюмы – саукеле, камзолы, кимешек, чапаны и камзолы с вышивкой.

По словам Марата Ибраева, директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» на сегодняшний день важно соблюдать традиции казахского народа.

– Отраднo видеть в День национальной одежды своих нарядно одетых коллег. Сегодня у них есть возможность почувствовать себя частью истории и культуры своего народа, – сказал он.

В день национальной одежды работники двух смежных структур во время обеденного перерыва ходили друг к другу в гости и угощали



блюдами национальной кухни. Наступление праздника Наурыз уже чувствуется во всем – в хорошей солнечной погоде, в улыбках на лицах людей и отличном настроении.

По словам сотрудников Карагандинского отделения ГП, День национальной одежды способствует сохранению и популяризации культурного разнообразия, укрепляет национальное единство и способствует межкультурному обмену и взаимопониманию.

Фото автора

ВОЗРОЖДАЯ ОБЫЧАИ ПРЕДКОВ

Инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП» и руководитель центра прикладного искусства «Шабьт қайнары» в городе Павлодаре Уасилия Нурмуханбетова в преддверии Наурыз мейрамы с Павлодарским областным историко-краеведческим музеем имени Г. Потанина организовали и провели областной конкурс «Сырмақ Time» по прикладному искусству.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Впервые в Павлодарском Прииртышье прошло региональное творческое состязание по прикладному искусству среди мастеров по войлоку. Участники разных возрастов из Екибастуза, Павлодара и района Теренколь не только демонстрировали готовые изделия, но и показали сложный процесс создания ковров. На центральной площади во время празднования Наурыза будет установлена отдельная юрта для мастериц, где жители и гости города смогут прикоснуться к древнему ремеслу. Кроме того, труды участниц будут показывать на большом LED-экране. В состав жюри вошли сотрудники управления культуры Павлодарской области, известные этнологи страны, журналисты, сотрудники музея и Уасилия Нурмуханбетова.

Изделия победителей будут переданы областному историко-краеведческому музею имени Г. Потанина. Обновление, пополнение фонда музея национальным ремеслом – как наглядное пособие для посетителей.



– Самое главное сейчас для нас – это развить это ремесло, выйти на новый уровень. К сожалению, сейчас редко встретишь мастеров по войлоку, как само ремесло, так и некоторые его элементы, практически забыты, – говорит Уасилия Турысбековна. – Планов много. Надо привлекать к этому древнему ремеслу молодое поколение, это ведь наше национальное наследие. Мы надеемся, что нас поддержат на разных уровнях.

Стоит отметить, что Уасилия Нурмуханбетова является инициатором благотворительной деятельности. Совместно с руко-

дельницами центра прикладного искусства «Шабьт қайнары» в 2024 году на Курбан айт мейрамы презентовали новый благотворительный проект «Алланың үйі» проводит благотворительную акцию: шьют төр көрпе для мечетей отдаленных сел, станций. В этом году они передали свои изделия в мечеть села (разъезд Жумыскер) төр көрпе, жайнамаз. В этом году в Великий Құрбан айт мейрамы планируют передать төр көрпе и жайнамаз в мечеть поселка Атамекен – станция Жолкудык.

Фото автора



КӨНЕ ДӘСТҮРДІ ЖАҢҒЫРТТЫ

Атырау теміржолшылары Ұлыстың ұлы күні – наурыз мерекесі қарсаңында «Менің елімнің дәстүрлері» челленджін ұйымдастырып, оған магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекемелер түгел қатысты.

Челлендж шартына сай әр бөлім қазақтың бір салт-дәстүрін тандап, қойылым немесе шағын көрініс дайындауы тиіс. Атырау магистральдық желі бөлімшесі ұмытылып бара жатқан «Босаға майлау» дәстүрін тандап алыпты. Босаға майлау – жастар жеке отбасы құрғанда немесе жаңа үйге кіргенде жақын-жуықтары келіп, үйдің босағасына май жағады. Бұл осы үйі берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ұғымды білдіреді. Көктемде бірінші шайқаған майды отбасындағылар ауыз тимей тұрып, есік жақтауын, табалдырықты, киіз үйдің

ас-су сақталатын жағын майлау ырымы да бар. Босаға майлаған адамға кәде беріледі. Бөлімшенің персоналды басқару бөлімінің бастығы Анар Жалғасбаеваның айтуынша, ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттауға теміржол мекемелері белсене кірісіп, бірінен бірі асып түсуге тырысқан. Бейнеролик қала сыртындағы Еркінқала елдімекеніндегі «Этно-ауыл» ұлттық орталығында дайындалып, киіз үйде «Босаға майлау» дәстүрі, ұлттық жөн-жоралғы, ырымдар жасалған. **Қосыйым МҰҚАШЕВ, Атырау**
Суретті түсірген автор

«АЙКӨРПЕ» – АЙЗАДАНЫҢ БРЕНДІ

Маңғыстау теміржолының Бейнеу станциясында тасымал құжаттарын өңдеу операторы болып еңбек ететін Айзада он саусағынан өнері тамған ісмер. Оның қолынан шыққан көрпе-төсектер бүгінде Маңғыстаудың ғана емес, өзге өңірлердегі отбасылардың да төрінен табылады.



Себебі Айзаданың бұйымдары таза табиғи өнімнен жасалады. Бағғы апа-әжелеріміз қолданған әдіспен қой және түйе жүнінен жылы көрпе, төсеніштер тігіп ұсынады. Бағасын білетіндер не жылуы, не пайдасы жоқ шетелдік «синтетикалық» көрпе-төсектің орнына Айзаданың тіккен дүниелерін алуға ұмтылады.

Айзаданың бүгінде «Айкөрпе» атты өз бренді қалыптасқан. Соңғы жылдары әлеуметтік желінің жетістігімен еліміздің басқа облыстарынан да тұтынушыларын

тапқан кәсіпкер келіншектің алдағы арманы асқақ, мақсаты анық. – Маңғыстауда түйе көп, қой жүні де көп пайдаланылмайды. Ойлана келе осы қолжетімді нәрселерді неге кәдеге жаратпасақ деп кәсіпті бастап кеттім. Бес балам бар. Бірінен соң бірі жетіліп, өсіп жатқасын түрлі дайындық курстарына, өнер-білім үйренуге бергім келді. Алдағы оқуы бар, қатарынан кем қылмай жеткізу, оларды үйлі-жайлы ету үшін қосымша қаражат табу ешқашан артық болмайды. Қыз кезімде анамнан тігіншілікті үйренгенмін. Ол

кісі оқыған, өмір бойы осы салада жұмыс істеген кәсіби тігінші еді. Анамнан дарыған өнерді қолға алып, алдымен өзімізге жүннен көрпе-төсектер дайындады м. Көргендердің қызығушылығы туындап, сұраныс арта бастады. Қыз жасауларына тапсырыс көбейе түсті. Әлеуметтік желіге шығарғалы алыс аймақтардан да хабарласып, өндірісті үлкейтуге тура келді. Басында жүнді жуу, түту, сабау сияқты шаруаларды тек қолмен атқарсақ, енді арнайы техникалар сатып алып, кәсіпті үлкейттік. Көрші келіншектерді жұмысқа тарттым. Жолдасым мені қашанда қолдайды. Өзінің басқа жұмысы болғанына қарамастан маған керек машиналарды сатып алып беріп, қажетті дүниелерімді түгендеп отырады. Балалары да жұмысқа қолғабыс етеді, әлеуметтік желімен жұмыс істейді және бастысы еңбектің ортасында өз көзімен көріп өсіп жатыр. Қазір алды жоғары оқу орнында оқыса, кенжеміз екінші сыныпта. Қосымша домбыра, жетіген сияқты түрлі аспапта ойнап, бір басына

жететін өнерлері бар, – дейді ісмер теміржолшы.

Осылай, қашан көрсең қарап отырмай, сан түрлі жоспармен жүретін Айзада Алдабергенова Бейнеу теміржолында 2000 жылдан бері қызмет етеді. Көп балалы отбасынан шыққан ол сол жылы Ақтөбедегі теміржол колледжін есеп және аудит мамандығы бойынша тәмамдап, өзі студент кезінде тәжірибеден өткен Бейнеу темір жол станциясына тасымал құжаттарын өңдеу операторы болып жұмысқа орналасады. Төрт бағытта жұмыс істейтін станцияда күніне он-он бес пойыздың құжаттарын тексеріп өткізеді.

– Теміржолдың жұмысы оңай емес, жауапкершілігі жоғары. Әсіресе біздің Бейнеуден төрт бағытта пойыз жүретіндіктен транзиттік вагондарға да қызмет көрсетеміз. Бейнеу – Тассай, Бейнеу – Маңғыстау, Бейнеу – Мақат, Бейнеу – Азия бағыттарына жұмыс істейміз. Сонша жыл үйренген жанымға жақын сүйікті кәсібім, – дейді Бейнеудің тасымал құжаттарын өңдеу операторы Айзада Алдабергенова.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор



көлемде атап өтіледі», – деді магистральдық желі бөлімінің кадр

қызметінен Гүлден Сарқұлова. Айтуынша, 22 наурыз күні теміржол вокзалының алдына киіз үй тігіледі. Наурыз көже таратылып, ұлттық ойындардан жарыс өтеді. Қайырымдылық жасау – ораза айында теміржолшы жастардың дәстүрлі түрде қолға алатын шараларының бірі. Биыл да қарт кісілердің ауласын тазалап, қарын құреп, көмек көрсетуде. Ал ұлттық спорт ойындары барлық теміржол мекемелерінде өтіп жатыр.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

СӘН-САЛТАНАТЫ ЖАРАСҚАН

Ақтөбелік теміржолшылар наурыз айы басталғаннан ұлттық нақышта безендірілген камзолдарын қапсырып, шапандарын жамылып, ерекше сән-салтанат құрып жүр.

Жастар жағы TikTok әлеуметтік желісіне ұлттық киіммен түрлі видеолар салып, бірінен бірі асып түсуде. Еліміздің батыс өңірі үшін «Көрісу» – ерекше аталып өтетін дәстүр. Сондықтан 14 наурыздан басталған мерекелік шаралар әлі жалғасуда.

«Қызметкерлердің барлығы ұлттық киіммен жүр. Наурыз айының соңына дейін ұлттық нақышта жүреміз деп шештік. Бұл құндылықтар бізге жақын. Мереке рамазан айымен тұспа-тұс келгендіктен дастархан жасау болмады. Бірақ 22 наурыз күні кең

ПРАЗДНИК С РАЗМАХОМ

В Казахстане продолжается декада Наурызnama. В честь этого акмолинские железнодорожники красочно и самобытно отпраздновали Наурыз мейрамы.



поздравить всех железнодорожников и ветеранов отрасли с днем весеннего равноденствия. Желая крепкого здоровья, процветания и спокойствия

нашей стране, – отметил, поздравляя коллег, директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Саят Бекенов.

Интересной частью программы стали спортивные соревнования. Гости активно участвовали в национальных играх, таких как асық ату, арқан тарту, поднятие гири, армрестлинг и другие. Победители в каждой дисциплине получили памятные призы.

В конце мероприятия собравшиеся присоединились к певцам и исполнили песню «Наурыз». Также организаторы предложили горожанам и гостям города наурыз көже, баурсаки и сладости.

Айлин БАУРЖАН
Фото автора

МАШИНИСТЕР АУЫЛЫНДАҒЫ ТОЙ

Қызылорда локомотив пайдалану депосында биылғы Наурыз мерекесі ауқымды түрде аталып өтті. Депо ауласында алты қанат үй тігіліп, қонақтар шақырылып, көпшілік бір-бірін Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, ардагерлер бата берді.



Ашық алаңқайға алтыбақан тігіліп, жастар бақаның екі басында кезек тербеліп ән шырқады. Ұлттық ас – наурыз көже дайындалып, ауыз бекіткен көпшілікке ауызашар берілді.

Мерекеге орай ұйымдастырылған ұлттық ойындар қатысушылардың күшін, ептілігін, табандылығын сынады. Арқан тарту тек ерлер ғана емес, қыз-келіншектер арасында да өтті. Нәтижесінде қыздар ерлермен тең дәрежеде өнер көрсетіп, 3-орынды иеленді, 2-орын 4-колоннаға берілді. Ал бірінші орынды 5-колонна машинистері қанжығалады.

Келесі сайыс қол күресі болды. Бұл бәсекеде Қайрат Қалмаханов 1-орын, Әміржан Қайратұлы 2-орын, Исабек Ғазиз 3-орынды иеленіп, өздерінің күш-жігері мен ерік-жігерін танытып. Ал кір тасын көтеруден Қайрат Ташимов 1-орын, Бақыт Мамбеталиев 2-орынды иеленіп, Дәурен Смағұлов

3-орынды қанағат тұтты. Бұл сайыста қатысушылардың кір тасын кемі 65-70 рет басынан асыра көтеруі көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Наурыз мерекесінде сыр күрішінің бір қабын иыққа салып (ең жоғарғы нәтиже 60 рет) отырып-тұру сайысы да ұйымдастырылып, оған ардагерлер де қатысып, тамаша нәтиже көрсетті. Ләңгі тебу жарысында да машинистер қауымы арасындағы бәсеке қызу өтіп, Ерлан Әбдікәрімов бірінші орынды, Бақыт Мамбеталиев екінші орынды иеленіп, Қаныш Өтегенов үшінші орынға жайғасты. Ұлттық ойындарға белсене қатысып, жарыс шыңын бағындырған машинистерге депо басшылығы мен кәсіподақ ұйымы атынан арнайы диплом мен сыйлықтар табыс етілді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

Следующий номер газеты «Қазақстан теміржолшысы» выйдет 28 марта 2025 года.



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздобаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, ауе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өзгеше басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаева 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркету куәлігі берілді.